

## Безопасность, дороги и инвестиции: задачи ключевые, меры системные

В районном акимате состоялось аппаратное совещание под председательством акима района Ардака Смаилова. Прежде чем приступить к повестке дня глава района провел церемонию награждения. На областной спартакиаде среди местных исполнительных органов «Отан» команда Буландынского района заняла призовое 2 место! Грамота Управления физической культуры и спорта Акмолинской области

обсуждения принимаемых мер профилактики в период отопительного сезона 2025-2026 гг. и обеспечение безопасности людей в местах организации купелей 18-19 января текущего года. По данному вопросу информировал актив района главный специалист ОЧС Буландынского района Санат Есетов. Как отметил капитан гражданской защиты, мер профилактики в период отопительного сезона включают в себя проведение обязательных проверок всех объектов жилищного фонда,

отопления, так и защиты населения от холода, отравлений угарным газом и других угроз. Глава района, обсуждая доклад представителя чрезвычайной службы, подчеркнул, что вопрос очень важный, требующий особого внимания. Необходимо держать руку на пульсе, быть максимально подготовленным к любым вызовам. Беду лучше предупредить, чем бороться с ее последствиями. Важно проводить разностороннюю разъяснительную работу с населением о том, как безопасно использовать печи, как не допустить перегрева, а также какие меры предпринимать в случае обнаружения неисправностей. Необходимы информационные кампании, разъясняющие правила безопасности в отопительный сезон, профилактику отравлений угарным газом, советы по отоплению и утеплению жилья, а также о том, как правильно действовать в случае пожара или другой чрезвычайной ситуации. Также глава района акцентировал внимание актива на мерах профилактики с предстоящим праздником Крещения Господня, а также в целях обеспечения безопасности людей в местах организации купелей. Важно, чтобы в дни праздника на местах организации купелей проводился регулярный контроль за соблюдением правил безопасности.

Далее, согласно повестке дня, был рассмотрен вопрос зимнего содержания дорог в городе Макинске и вывозе снега. О проведенной работе в данном направлении выступил исполняющий обязанности акима г. Макинска Мурат Исмагамбетов.

Как обозначил Мурат Кабенович в начале своего выступления, зимний период является одним из наиболее сложных этапов в обеспечении бесперебойной работы городской инфраструктуры. Обильные снегопады, гололед и резкие перепады температур существенно осложняют движение транспорта и пешеходов, повышают риск дорожно-транспортных происшествий и травматизма. В связи с этим зимнее содержание дорог и своевременный вывоз снега являются важнейшими задачами городских служб.

Несомненно, приоритет в очистке от снега отдается дорогам с интенсивным движением, маршрутам общественного транспорта, подъездам к социально значимым объектам, а именно - больницам, школам, детским садам, а также пешеходным зонам.

Конечно, ответственность за зимнее содержание дорог и тротуаров возлагается на коммунальные службы и подрядные организации, которые должны обеспечивать исправность техники, наличие необходимых материалов и оперативное реагирование на ухудшение погодных условий. Но в то же время важную роль играет участие жителей города. Очистку и вывоз снега должны проводить и собственники зданий, и предприниматели, и люди, проживающие в частном секторе. Если помощь жителям будет необходима, то местная власть, безусловно, окажет содействие, но бездействовать и терять время, тоже не выход из положения.

Зимнее содержание дорог и

организованный вывоз снега – это задача не только местной исполнительной власти, это комплексная и ответственная работа, требующая четкого планирования, слаженных действий служб и сознательного отношения со стороны горожан. Только совместными усилиями возможно обеспечить безопасность дорожного движения, комфортные условия для пешеходов и стабильную жизнедеятельность города в зимний период.

Завершил работу совещания

создание стабильных рабочих мест, развитие инфраструктуры, улучшение социального климата и качества жизни населения, повышение инвестиционной привлекательности района. Поддержка инвесторов позволяет району эффективно развиваться и укреплять свои позиции в долгосрочной перспективе. Поэтому Ардак Дулатович поручил вопрос привлечения инвестиций держать в ряду стратегических. Создавать условия для потенциальных инвесторов, разрешать возмож-



и кубок призера были вручены руководителю районного отдела культуры, развития языков, физической культуры и спорта Серико Шортаеву. Ардак Дулатович выразил благодарность главному государственному куратору спорта в районе за подготовку команды и успешное выступление на областной арене, пожелав буландынской команде в дальнейшем интересных соревнований и ярких побед.

Работа совещания началась с

включая котельные, системы теплоснабжения. При этом особое внимание необходимо уделить обеспечению исправности и безопасности технических приборов и отопительных установок. В период отопительного сезона, особенно в условиях суровой зимы региона, необходимо принимать комплексные меры профилактики для обеспечения безопасности и здоровья населения. Профилактика касается как предотвращения аварий в системе



вопрос о принимаемых мерах по привлечению инвестиций и их эффективности, по которому информировал руководитель районного отдела предпринимательства и сельского хозяйства Азамат Кабдулов. Привлечение инвестиций, без сомнений, является одним из ключевых факторов устойчивого социально-экономического развития района. Это развитие и рост экономики, пополнение бюджетного кошелька в виде налогов и других поступлений,

ные бюрократические и административные барьеры. Если в район «заходят» производства, объекты бизнеса нужно идти им навстречу, содействовать на начальном этапе работы – резюмировал глава района, обращаясь к активу района.

По итогам аппаратного совещания аким района дал ряд соответствующих поручений руководителям государственных учреждений и районных организаций.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Қоғам үшін маңызды миссия: халық пен билікті байланыстыратын көпір

Мәслихат – аудан деңгейіндегі өкілді билік органы. Оған жергілікті бюджеттер мен даму бағдарламаларын бекіту, олардың орындалуын бақылау, жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдау міндеті жүктелген. Сонымен қатар мәслихат жұмысының басты басымдығы – азаматтардың өміріне қатысты мәселелерді шешу жолында халық пен атқарушы билік арасындағы нәтижелі әрі конструктивті көпір болу.

2025 жылды аудандық мәслихаттың депутаттық корпусы қандай нәтижелермен қорытындылады және алдағы кезеңге қандай міндеттер қойылды – осы және өзге де сұрақтар жөнінде сұхбат барысында Бұланды аудандық мәслихатының төрағасы Нұрбек Сексенов баяндады.

– Нұрбек Балтабекұлы, алғашқы сұрақ дәстүрлі деуге болады, бұл туралы бірнеше рет айтылып

жүр, дегенмен тағы бір мәрте түсіндіріп өтсеңіз: мәслихаттың негізгі мақсаттары мен бағыттары қандай?

– Мәслихаттың негізгі мақсаттары – жергілікті деңгейде халықтың мүддесін білдіру, жергілікті бюджетті және даму бағдарламаларын бекіту мен олардың орындалуын бақылау, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу, сондай-ақ азаматтар мен әкімдіктер арасындағы делдал бола отырып, атқарушы билік шешімдерінің іске асуына жәрдемдесу. Мәслихаттар – халықпен билік арасын байланыстырушы орган. Депутаттық корпусың назарында аудан мен өңірдің әлеуметтік саясаты мен экономикасын одан әрі дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджеттердің қалыптасуы



мен орындалуына қатысты мәселелер бар.

– 2025 жылы аудандық мәслихат қандай жұмыстар атқарды?

– 2025 жылы аудандық мәслихаттың 11 сессиясы өтті, оның ішінде 4-уі кезекті, 7-уі кезектен тыс. Әртүрлі мәселелер бойынша 113 шешім қабылданды, соның ішінде құқықтық нормаларды белгілейтін 2 нормативтік құқықтық акт Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтті. Аудан және ауылдық округтер бюджеттерінің орындалуы мен бекітілуіне қатысты шешімдер Қазақстан Республикасының НҚА эталондық бақылау банкіне жолданды.

Ағымдағы жыл қаржылық шешімдер қабылдаудың жоғары серпінімен ерекшеленді. Бюджет – ау-

дан дамуының іргетасы, сондықтан мәслихат оған айрықша көңіл бөлді. Статистикаға сүйенсек, 11 сессияның 9-ы тек бюджет мәселелеріне арналды. Оның ішінде: 2024 жылға арналған аудан және ауылдық округтер бюджеттерінің орындалуы жөніндегі кезекті сессия; 2026–2028 жылдарға арналған аудан бюджетін бекіту жөніндегі кезекті сессия; ауылдық округтер мен Макинск қаласының бюджеттерін бекіту жөніндегі кезектен тыс сессия; аудан және төртінші деңгейдегі бюджеттерді жедел түзету мен нақтылауға арналған 6 кезектен тыс сессия.

Нәтижесінде бюджет мәселелеріне тікелей қатысты 59 шешім қабылданды. Жергілікті бизнесті қолдаудың тиімді шарасы ретінде депутаттар бірауыздан арнайы салық режимі бойынша корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесін 50 пайызға, яғни жеңілдетілген декларация негізінде 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

(Жалғасы 2 бетте).

# АШЫҚ СҰХБАТ

## Қоғам үшін маңызды миссия: халық пен билікті байланыстыратын көпір

(Жалғасы, басы 1 бетте).

Сондай-ақ Бұланды ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларындағы мемлекеттік ұйымдардың мамандарына коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету қағидалары мен мөлшерлері бекітілді.

(Мәслихат сессиясының шешімімен көтерме жәрдемақы айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінде беру қабылданды. Тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ретінде айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын сомада бюджеттік несие қарастырылды.)

Депутаттардың маңызды жұмыс бағыттарының бірі – депутаттық сауалдар. Шын мәнінде, депутаттық сауал – сайлаушылардың құқықтарын қорғауға, мәселелерді терең зерделеуге, билік органдарынан ресми ақпарат пен түсініктеме талап етуге мүмкіндік беретін негізгі құрал. 2025 жылы аудандық мәслихат депутаттары түрлі инстанцияларға, оның ішінде атқарушы органдарға, облыстық құрылымдарға, акционерлік қоғамдар мен ұлттық компанияларға 81 депутаттық сауал жолдады. Оның 65-і бойынша оң шешім қабылданды, 12 сұраққа түсініктеме берілді, 4 сауал қаралу үстінде.

Өткен жылы депутаттар әлеуметтік маңызды бар бірқатар мәселелердің шешілуіне бастамашы болды. Заң шығару қызметімен қатар, халық қалаулылары аз қамтылған отбасыларға тікелей көмек көрсетіп, су тасқыны салдарын жою жұмыстарына қатысты.

**– Депутаттардың бірқатар жобаларды талқылауға белсенді қатысқанын бәріміз білеміз. Сол жобалардың көпшілігі бүгінде жүзеге асырылды немесе іске асу сатысында. Аудандық мәслихаттың 8-шақырылымы қандай жобаларды ауыз толтырып атап өте алады?**

– Сұрағыңызға жауап бермес бұрын, депутаттар да қоғамның барлық тұрғындары секілді сол қоғамның бір бөлігі екенін атап өткім келеді. Әрқайсымыз ауданның тағдыры мен болашағына алаңдаймыз, оның жарқын болып, өркендегенін қалаймыз. Сондықтан ауданда болып жатқан барлық оң өзгерістер – бұл біздің ортақ қуанышымыз, ортақ жеңісіміз, ортақ нәтижеміз. Әрбір аудан тұрғыны белгілі бір жобаның сәтті жүзеге асуына үлес қосып отыр. Тіпті қоғамды негізгі үш бөлікке бөлсең, бірі нақты іс атқарса, бірі сын айтар, ал үшінші бөлігі тіпті бейжай қарайтындар – бірақ барлығы бірігіп Бұланды жұртшылығын құрайды. Дәл осы қоғам үшін түрлі идеялар өмірге келіп, маңызды міндеттер шешілуі.

Қазіргі шақырылым үшін маңызы зор жобаларға тоқталатын болсақ, ең алдымен Степгеология ауданындағы қалалық паркті абаттандыру жобасын атап өтуге болады. Бұл жоба қала тұрғындары үшін жайлы әрі заманауи демалыс аймағын қалыптастыруға бағытталған. Алдымен біз әріптестерімізбен жобаны таныстырылым кезеңінде талқыладық, кейін құрылыс жұмыстары барысында мердігер ұйым өкілдерімен кездесіп, жұмыс барысы мен сапасына бақылау жүргізу мақсатында жұмыс сапарларын жасадық.

Аудандағы құрылыс саласының дамуына кешенді қайта жаңғыртуды көздейтін мемлекеттік реновация бағдарламасы елеулі серпін берді. Бұл бағдарлама аясында тозығы жеткен тұрғын үйлерді бұзу, инженерлік желілерді жаңарту, тұрғындарды көшіру арқылы жаңа, заманауи үйлер салу, сондай-ақ қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру үшін әлеуметтік, көлік және рекреациялық инфрақұрылым құру көзделген. Аталған бағдарлама нәтижесінде ау-

данда апатты деп танылған үйлерде тұрған тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету үшін әрқайсысы 60-пәтерлі екі көпқабатты тұрғын үй салынды.

Макинск қаласы үшін аса маңызды мәселелердің бірі – жолдардың жағдайы екені жасырын емес. 2025 жылы баршамыз Московская көшесінің көптен күткен жөндеу жұмыстарының басталғанына куә болдық. Бұл – екі жылға жоспарланған жоба. Оның екінші кезеңінде жолды нормативтік талаптарға толық сәйкестендіру мақсатында кешенді жұмыстар жүргізіледі. Атап айтқанда, Московская көшесіне тротуарлар, су ағызу құрылғылары орнатылып, жол белгілері жаңартылып, тиісті жарықтандыру жүргізіледі.

Бұландылықтар үшін айтулы оқиғалардың бірі – Макинск қаласында жүзу бассейнінің көптен күткен ашылуы болды. Иә, жоба барысында белгілі бір қиындықтарды басынан өткерді, алайда уақыт өте келе нәтижесінде нысан ресми түрде пайдалануға берілді. Бұл жобада да депутаттардың қатыстын да атап өткен орынды. Бүгінде қала тұрғындары мен қонақтары бұл кешенге келіп, жүзумен айналысып, жаттығып, денсаулығын нығайтып, күйзелістен арлууда.

Депутаттардың белсенді жұмысы мен тұрақты бақылауының, сондай-ақ әртүрлі салаларға жолданған көптеген депутаттық сауалдардың және аудан әкімі мен атқарушы органдармен үйлесімді өзара іс-қимылының нәтижесінде ауданда бірқатар маңызды әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Новобратское, Партизанка және Алтынды ауылдарында фельдшерлік-акушерлік пункттер салынды, Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейге күрделі жөндеу жүргізілді, Макинск қаласындағы №1 жалпы білім беретін мектептің 2–3 қабаттары күрделі жөндеуден өтті.

Макинск қаласы мен ауылдық округтерді сумен жабдықтау жобасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Ауқымды жоба аясында тозығы жеткен су құбырлары толықтай заманауи әрі сенімді желілерге ауыстырылады. Жоба бірнеше жылға есептелген, жоспар бойынша 72,7 шақырым жаңа су желісі салынады. Жобаның жалпы құны – 3 382,9 млн теңге. 2024 жылы 2 017,5 млн теңге игерілсе, 2025 жылы жобаға қосымша 692,5 млн теңге қаржы бөлінді.

Осы жұмыстар туралы айта отырып, жолдар мен таза судың жайлы өмір сүру мен дамудың негізгі тіректері екенін ерекше атап өткім келеді. Себебі жолдар жұмысқа, білімге, медицинаға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, экономикалық өсім мен әлеуметтік белсенділікті арттырады, ал таза су – адам денсаулығының басты кепілі.

2025 жылы жүзеге асырылған тағы бір маңызды жоба – Макинск қаласындағы Заводской шағынауданындағы көпқабатты тұрғын үйлерді орталық жылу жүйесіне қосу болды. Өткен жыл осы аудандағы тұрғын үйдің тұрғындары үшін үлкен қуаныш әкелгені даусыз. Ұзақ уақыт бойы инженерлік желілерден ажыратылған бұл үйлерде орталық су, жылу және кәріз жүйесі болмаған. Негізінен зейнеткерлер тұратын тұрғындар қыс мезгілінде пеш жағу үшін көмір мен отынды шелектеп тасып, кейін күл шығаруға мәжбүр болған еді. Арада ондаған жыл өткен соң, көптен күткен орталық жылу жүйесі 160 пәтерге жеткізілді.

**– Нұрбек Балтабекұлы, бүгінгі таңда аудан үшін ең өзекті мәселелер қандай және мәслихат оларды қалай шешуді жоспарлап отыр?**

– Ауданда атқарылып жатқан жұмыстар аз емес екеніне қарамастан, өзекті мәселелердің әлі де көп екені рас. Алдағы кезеңге жергілікті атқарушы билік пен депутаттық корпус көптеген міндеттер қойып отыр. Соған

қарамастан, оқырмандарды болашаққа оңтайлы көзқараспен қарауға шақырғым келеді. Қазақ даналығы «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтпаған. Жақсы сөйлеп, жақсы ойлау – дамудың кепілі. Барлық мәселені бір мезетте немесе бір сәтте шешу мүмкін емес, әрбір мәселе уақыт пен қаржыны талап етеді. Бұл тұрғыда тағы да халық даналығын еске аламыз – сабыр түбі – сары алтын.

Өзекті мәселелерге тоқталатын болсақ, қала ішіндегі және ауылдарды байланыстыратын жолдардың жағдайы өзекті күйінде қалып отыр. Жергілікті атқарушы билік пен депутаттардың назарында ауыз судың сапасы, балалар мен жастардың, әсіресе ауылдық елді мекендердегі бос уақытын ұйымдастыру, көшелерді жарықтандыру, қаланың және ауылдың аумақтардың сәулеттік келбеті, қаңғыбас иттер мәселесі, сондай-ақ абаттандыру жұмыстары бар.

Осы орайда бірқатар түйткілді мәселелердің шешілуіне тұрғындардың өздері де тікелей әсер ететінін атап өткен жөн. Мысалы, абаттандыру – баршамызға ортақ міндет. Мемлекет бұл мақсатқа қомақты қаржы бөліп, елді мекендерді көркейткіп жатқанымен, кейбір тұрғындар ел үшін жасалған дүниені бүлдіріп, қиратып, жарамсыз күйге түсіреді. Мұндай мысалдар аз емес.

Патриот болу – тек өз Отанын сүйу ғана емес, оны ісімен, нақты әрекетімен дәлелдеу екенін түсіну маңызды. Өз туған жеріңе пайдалы, қажетті бір іс атқарсаң, бұл сенің оның бүгінгі мен болашағына деген шынайы жанашырлығыңның ең үлкен дәлелі болмақ.

Өкінішке қарай, қоғамның белгілі бір бөлігі проблемаларды ғана көріп, оларды жоюға талап қойып, билікті сынаумен шектеледі де, аудан өміріне езі үлес қоспайды. Тағы бір мысал келтірсек, қандай да бір жұмыстар жүргізіліп жатқан кезде көпшілік бақылаушы позициясын ұстанып, наразылық білдіреді, алайда іске араласып, дұрыс бағыт беруге, оң жол сілтеуге, пайдалы кеңес беруге немесе сындарлы пікір айтуға келгенде белсенділік танытпайды.

**– Аудан дамып келеді, оның экономикалық әлеуеті жыл сайын нығаяды. Жаңа өндіріс орындары өріс алып, тұрақты жұмыс орындары ашылуда. Өткен жылы егін өнімділігі бойынша Бұланды ауданы өңірде көшбасшы атанды. Бұл жетістікте мәслихат депутаттарының да белгілі бір үлесі бар емес пе?**

– Иә, толық келісемін. Жалпы көрсеткіштерде депутаттардың белгілі бір үлесі бар екені сөзсіз. Әрбір депутат – өз саласының кәсіби маманы, жеке қалыптасқан тұлға. Негізгі жұмысының қиындығына қарамастан, депутаттар қоғамдық бастамалардан ешқашан бас тартқан емес, сондай-ақ, депутаттық қызмет ақылы емес, бұл – таза қоғамдық міндет екені де атап өткен жөн.

Өткен жылы аудандық мәслихат депутаттары халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды әлеуметтік мәселелердің шешілуіне бастамашы болды. Заң шығару қызметімен қатар, халық қалаулылары аз қамтылған отбасыларға тікелей көмек көрсетіп, су тасқыны салдарын жою жұмыстарына белсене қатысты, өз округтерінің тұрғындарымен тұрақты байланыста болды.

Қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға арналған айлық аясында әрбір депутат өз сайлау округтерінде қайырымдылық көмек көрсетті. Көмек зейнеткерлерге, тыл еңбеккерлеріне және мерейтой жасындағы ұзақ жасаған қарияларға бағытталды. Барлығы 144 адам қамтылып, көрсетілген қолдаудың жалпы сомасы 2 миллион теңгеден асты. Көмек көрсету түрлері әртүрлі болды: азық-түлік себеттері, отын, үн, тұрмыстық техника, сондай-

ақ қайырымдылық концерттерін ұйымдастыру.

Депутаттар жыл сайын «Мектепке жол» республикалық акциясына қатысып, бірінші сынып оқушыларына мектеп және спорт формасын, кеңес тауарларын сатып алуға демеушілік көмек көрсетеді. Жаңа жыл меркесі қарсаңында жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «Елка желаний» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Акцияның басты мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар балалардың жаңа жылдық армандарын орындау. Балалар Аяз атаға хат жазып, өздерінің ең асыл тілектерін білдірді. Бұл игі бастамаға бұландылық депутаттар да белсене атсалысты. Олар мейірім мен қамқорлық танытып, 11 мүмкіндігі шектеулі балаға сыйлықтар алып беріп, олардың шынайы армандарын орындады.

Осы тұста соңғы жылдардағы су тасқыны кезінде депутаттық корпусың атқарған ауқымды жұмысын тағы бір мәрте атап өткен абзал. Біз тағы да біртұтас, ұйымшыл команда екенімізді дәлелдедік. Әрбір депутат өзіне бекітілген аумақта барлық тапсырмаларды орындап, тұрғындармен кездесулер өткізді, мәселелерге терең үңіліп, оларды жергілікті атқарушы билік арқылы шешуге ықпал етті. Депутаттар жеке уақытын ескермей, тәуліктің кез келген уақытында елді мекендер мен ауылдық округтерге барып, су тасқынынан зардап шеккендердің тізімін жинады, үлкен судан уақытша қорғаныс бөгеттерін жасау үшін қаптарды инертті материалдармен (құм, қиыршық тас, електен өткен қиыршық) толтыруға көмектесті. Табиғи аяп баршамыз үшін үлкен сынақ болды, сонымен қатар ортақ мақсат жолында адамдарды біріктірді.

**– Ауданда бірнеше жылдан бері Қоғамдық кеңес нәтижелі жұмыс істеп келеді. Ол аудандық мәслихат жанындағы консультативтік-кеңесші, бақылаушы орган болып табылады. Кеңестің жұмысы туралы қысқаша айтып өтсеңіз?**

– Қоғамдық кеңес – азаматтық қоғамдық барлық деңгейдегі билік органдарымен өзара іс-қимылын дамытуға, қоғам үшін маңызды барлық мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге арналған тиімді диалог алаңы, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін құрылым. Қоғамдық кеңестер өз қызметін тәуелсіздік, мүшелерінің қоғамдық негізде жұмыс істеуі, автономдылық, дербестік және жариялық қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

Кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес 13 жоспарлы отырыс өткізілді. Бұл отырыстарда бюджет мәселелері, абаттандыру, Бұланды ауданында жүзеге асырылып жатқан жобалар және өзге де маңызды тақырыптар қаралды.

Қоғамдық кеңестің қызметі туралы барлық ақпарат аудандық мәслихаттың ресми интернет-ресурсындағы «Қоғамдық кеңес» айдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Instagram әлеуметтік желісінде жарияланып отырады.

Қоғамдық кеңестің жалпы мүшелер саны – 11 адам. Қоғамдық кеңестің төрағасы – ауданда зор беделге ие, мемлекеттік қызмет ардагері Амангелді Байкөңулы Камелинов. Кеңес құрамының негізгі бөлігін азаматтық қоғам өкілдері құрайды.

Қоғамдық кеңестер қызметінің басты мақсаты – қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру.

**– Өзекті мәселелердің басым бөлігі депутаттар тарапынан тұрақты комиссиялардың отырыстарында талқыланады. Бұл – халық қалаулылары ортақ шешімдерді іздеу барысында пікір алмасатын тиімді диалог алаңы деп де айтсақ артық болмас...**

– Дәл солай. Шын мәнінде, өткір әрі маңызды мәселелердің

көпшілігі сессияның жалпы отырысына шығарылар алдында тұрақты комиссиялардың отырыстарында жан-жақты талқыланып, пысықталады. Себебі дәл осы алаңда мәселелерге терең талдау жасалып, қорытындылар әзірленіп, нақты ұсыныстар енгізіледі.

Осы кезең ішінде тұрақты комиссиялардың 17 отырысы өткізілді. Онда 60-тан астам мәселе қаралды. Атап айтқанда: денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіп кешені салаларындағы мамандарға, сондай-ақ ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұрақты тұру үшін келген ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету шараларының мөлшері мен қағидаларын бекіту; 2026 жылға арналған көтерме жәрдемақы мен тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін көрсетілетін әлеуметтік қолдау мәселелері қаралды.

Мәслихат сессиясының шешімімен көтерме жәрдемақы айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінде белгіленді, ал тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ретінде айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын сомаға бюджеттік кредит беру қарастырылды.

Комиссия отырыстарында Макинск қаласының әкімі мен ТЖ және ТҰҚШ бөлімдері басшыларының сұтасқынына қарсы іс-шараларға дайындық және оларды іске асыру жөніндегі есептері; жер қатынастары бөлімі басшысының ауыл шаруашылығы жерлерін түгендеу бойынша атқарған жұмысы туралы баяндамасы; оңайлатылған декларация негізіндегі арнайы салық режимі бойынша мөлшерлемені 4 пайыздан 2 пайызға дейін, яғни 50 пайызға төмендету мәселесі; азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы жөніндегі аудандық комиссияның жұмысы туралы жергілікті полиция қызметі басшысының есебі; көмектесті толмағандар істері жөніндегі инспекцияның құқық бұзушылықтардың алдын алу және жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыстар туралы есебі тыңдалды.

Сонымен қатар, экологиялық мәселелер мен оларды шешу жолдары (қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны, мал көмінділерінің болмауы), инклюзивті білім беру бағдарламасының жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Өзекті мәселелерді жан-жақты зерделеу мақсатында депутаттар салынып жатқан және жөнделіп жатқан әлеуметтік нысандарға көшпелі тексерулер жүргізді. Олардың қатарында Никольское және Вознесенка ауылдарындағы мәдениет үйлерінің құрылысы, Партизанка ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункттің салынуы, Макинск қаласындағы №1 жалпы білім беретін мектеп пен Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейге жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстары, ДЮСШ базасындағы жұзу бассейнінің құрылысы, паркті абаттандыру, балалар мен спорт алаңдарын орнату, автожолдарды жөндеу, Вознесенка ауылындағы көпір құрылысы, сондай-ақ Вознесенка, Айнакөл, Новодонецк және өзге де елді мекендердегі су құбырларының құрылысы бар.

**– Өкілді биліктің жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі – жергілікті халықпен сенім мен өзара іс-қимылды нығайту, ауданда биліктің оң имиджін қалыптастыру. Бұл бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде? Депутаттар халық алдында қаншалықты ашық?**

– Бұл мәселе бүгінгі таңда өте өзекті, себебі біз цифрлық даму дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Осыған байланысты депутаттар чаттар мен әлеуметтік желідегі парақшалар арқылы сайлаушылармен тікелей байланыс орнатып, түрлі өзекті сигналдар мен пікірлерге жедел жауап бере алады.

(Жалғасы 3 бетте).

# НАШЕ ИНТЕРВЬЮ

## Қоғам үшін маңызды миссия: халық пен билікті байланыстыратын көпір

(Жалғасы, басы 1,2 беттерде)

Депутаттардың халыққа ашықтығы – олардың коммуникациялық қабілеттерімен, нақты диалог пен онлайн қабылдаулар арқылы азаматтардың өтініштерін қабылдап, белсенді әрекет етуімен айқындалады.

Жоғарыда атап өткендей, мәслихат депутаттары – жергілікті тұрғындар арасынан шыққан қарапайым азаматтар. Олардың басты мақсаты – халықпен тығыз байланыста жұмыс істеу. Әрбір депутат өзінің атқарған жұмысын әлеуметтік желілер арқылы ашық көрсетіп, онда жүйелі түрде ақпарат жариялап отырады.

Аудандық мәслихаттың ресми сайтында және әлеуметтік желілерде

мәслихат сессиялары мен тұрақты комиссия отырыстарының материалдары орналастырылады. Әрбір отырыс тікелей эфирде көрсетіледі. Жергілікті тұрғындар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, депутаттардан немесе мемлекеттік органдар басшыларынан тікелей жауап ала алады. Сонымен қатар азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу – депутаттың қызметтің ең маңызды бағыттарының бірі. Ол сайлаушылармен кері байланысты қамтамасыз етіп, халықтың мәселелерін тереңірек түсінуге және оларды депутаттық қызметте ескеруге

мүмкіндік береді. 2025 жылы депутаттар қоғамдық қабылдау бөлмесінде барлығы 40 қабылдау өткізді, 80 азамат жүгінді. Оның ішінде 65 азаматтың мәселесі оң шешімін тапты, бұл – 81 пайызды құрайды, ал 15 азаматқа (19 пайыз) түсіндірме берілді.

Сұхбатымызды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың барлық деңгейдегі депутаттардың II республикалық форумында айтқан сөзімен аяқтағым келеді: «Депутат бола отырып, сіздер қоғамның өзекті мәселелері туралы ашық айтып, азаматтардың ұстанымын білдіресіздер және оны тікелей атқарушы билікке жеткізесіздер. Шын мәнінде, депутат – халықтың үні».

Осылайша, депутаттар «алдыңғы шепте» болуы тиіс екенін атап өткен Президент мәслихаттардың мемлекеттік биліктің аса маңызды тармағы екенін ерекше атап өткен еді. Депутаттардың тұрақты бақылауында өңір тұрғындарының барлық мұң-мұқтажы мен тілектері да болуы қажет. Мемлекет басшысының айтуынша, депутаттардың басты борышы – сенім білдірген сайлаушылардың мүддесін қорғау.

Сөзімнің соңында әріптестеріме – аудандық мәслихаттың 8-шақырылым депутаттарына – жемісті әрі белсенді жұмыс, шешімін тапқан мәселелер мен жүзеге асқан жобалардың оң көрсеткіштерін, халық пен билік

арасындағы байланысты одан әрі нығайтуды тілеймін. Алдымызда атқарылатын жұмыс пен шешілетін міндеттер көп, бірақ біз біртұтас командамыз және барлық мақсатқа бірлесіп отырып қол жеткізе аламыз деген сенімдемін. Азаматтық ұстанымдары, бірлескен еңбегі, бейжай қарамаған көзқарасы, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін алғысымды білдіремін. Жұмыла көтерге жүк жеңіл, ортақ мақсатымыз – Бұланды ауданының жарқын болашағы!

– **Мазмұнды сұхбатыңыз үшін рақмет!**

Сұхбатты жүргізген  
**А. АМАНЖОЛОВА.**

## Важная для общества миссия: связующее звено между народом и властью

**Мәслихат – представительный орган власти в районе, на который возложена миссия утверждать местные бюджеты и программы развития, контролировать их исполнение, принимать решения по вопросам местного значения. При этом самым главным приоритетом работы мажлисата является цель служить мостом между населением и исполнительной властью для решения вопросов, касающихся жизни граждан.**

**С какими результатами завершил 2025 год депутатский корпус и какие задачи поставлены на перспективу нам рассказал в обзорной беседе председатель Буландынского районного мажлисата Нурбек Секенов.**

**- Нурбек Балтабекович, первый вопрос, можно сказать, стандартного характера, много раз об этом говорим, но не лишним будет еще раз пояснить - каковы основные цели и приоритетные направления работы мажлисата?**

Основные цели мажлисата - представительство интересов населения на местном уровне, утверждение и контроль местного бюджета и программ развития, решение вопросов местного значения, а также содействие реализации решений исполнительной власти, выступая посредником между гражданами и акиматами. Мажлисаты – связующий орган между народом и властью и в центре внимания депутатского корпуса находятся вопросы, связанные с формированием и исполнением бюджетов, реализацией государственных программ, направленных на дальнейшее развитие социальной политики и экономики района и региона в целом.

**- Какая работа проведена районным мажлисатом за 2025 год?**

За 2025 год проведено 11 сессий районного мажлисата, из них: 4 очередных, 7- внеочередных. Принято 113 решений по различным вопросам, из них 2 нормативных правовых актов (решений), устанавливающие правовые нормы, прошли государственную регистрацию в Министерстве юстиции РК. Решения, касающиеся вопросов исполнения и утверждения бюджета района и бюджетов сельских округов, направлялись в Эталонный контрольный

банк нормативных правовых актов Республики Казахстан.

Хотелось бы сказать о том, что текущий год характеризовался высокой динамикой принятия финансовых решений. Бюджет - это фундамент развития района и мажлисат уделял ему приоритетное внимание. Опираясь на статистику, скажу, что 9 сессий из 11 были посвященных исключительно бюджетным вопросам. Из них: очередная сессия по исполнению бюджетов района и сельских округов за 2024 год, очередная сессия по утверждению бюджета района на 2026-2028 годы; внеочередная сессия по утверждению бюджетов сельских округов и города Макинск; 6 внеочередных сессий по оперативной корректировке и уточнению в решениях мажлисата о бюджетах района и бюджетах четвертого уровня. В результате было принято 59 решений, непосредственно касающихся бюджетных вопросов.

Существенной поддержкой для местного бизнеса явилось решение, единогласно принятое депутатами, о снижении размера ставки корпоративного подоходного налога по специальному налоговому режиму на 50 процентов, то есть с 4 до 2-х % на основе упрощенной декларации.

Также были утверждены Правила и размеры оказания социальной поддержки по оплате коммунальных услуг и приобретению топлива за счет бюджетных средств специализированных государственных организаций здравоохранения, социального обеспечения, образования, культуры, спорта и ветеринарии, проживающим и работающим в сельских населенных пунктах Буландынского района.

Одним из важных направлений работы депутатов является депутатские запросы. Да, депутатские запросы - ключевой инструмент работы депутата, позволяющий официально требовать информацию, разъяснения или изложения позиции от органов власти и должностных лиц, помогая детально разобраться в проблеме, защищать права избирателей и совершенствовать законодательство, с обязательным письменным ответом в установленные сроки. За период 2025 года депутатами районного мажлисата был направлен 81 депутатский запрос



в различные инстанции, в том числе: в исполнительные органы, областные структуры, АО, Национальные компании. На 65 запросов пришло положительное решение, на 12 вопроса даны разъяснения, 4 запроса - на рассмотрении.

За прошедший год депутаты районного мажлисата инициировали решение ряда важных социальных вопросов, направленных на благополучие населения. Помимо законодательской деятельности, народные избранники оказывали прямую помощь малообеспеченным семьям и участвовали в ликвидации последствий паводков, поддерживая связь с жителями своих округов.

**- Действительно, все мы в курсе, как депутаты приносили активное участие в обсуждении ряда проектов, многие из которых в настоящее время реализованы или находятся на стадии реализации. Какие проекты может отметить 8 созыв районного мажлисата?**

Прежде чем ответить на ваш вопрос, хотел бы отметить, что депутаты – это такой же сегмент общества, как и все население,

и каждый из нас переживает за будущее и судьбу района, за его будущее, желает, чтобы оно было светлым и процветающим. Поэтому, все, что позитивное происходит в районе – это наша общая радость, победа, результат, успех. Каждый из жителей района задействован в успешной реализации того или иного проекта. И тот, кто действует, и тот, кто критикует, и даже тот, кто равнодушен – все вместе – это буландынская общественность, для которой и претворяются в жизнь различные идеи и решаются задачи.

Если говорить о значимых для нынешнего созыва проектах, то можно здесь отметить благоустройство городского парка в районе Степгеологии, который направлен на создание комфортной и современной зоны досуга для горожан. Сначала мы с коллегами обсуждали сам проект на этапе презентации, позже, уже в период проведения работ, наносили рабочие визиты, встречались с представителями подрядной организации, контролируя ход и качество работ. Хорошим подспорьем для развития сферы строительства в районе стала государственная

программа реновации по комплексной реконструкции, которая включает снос ветхого жилья, обновление инженерных сетей, строительство новых современных домов с переселением жителей, а также создание новой социальной, транспортной и рекреационной инфраструктуры для формирования комфортной среды. Благодаря данной программе в районе были построены два 60-квартирных дома для обеспечения жильем жителей, чьи дома признаны аварийными. Еще один важный для города вопрос – состояние дорог.

В 2025 году все стали свидетелями долгожданного ремонта улицы Московской. Проект этот двухгодичный, поэтому второй этап предусматривает доведение комплексных работ до логического завершения, то есть благоустройство, направленное на восстановление и улучшение эксплуатационных характеристик дороги до нормативных требований. Говоря простым языком, далее по улице Московская будут установлены дренажные системы, тротуары, водоотводы, обновлены дорожные знаки, проведено соответствующее освещение. Значимым событием для всех нас, буландынцев, стало долгожданное открытие плавательного бассейна в городе Макинске. Да, проект претерпел ряд трудностей, однако, результатом усилий стал момент его официального ввода в эксплуатацию. Сегодня горожане и гости города приходят в этот объект, чтобы плавать, тренироваться, улучшить физическую форму, укрепить здоровье, снять стресс. Как результат активной работы депутатов и осуществляемого ими контроля, а также

благодаря многочисленным депутатским запросам в различные сферы и слаженному взаимодействию с акимом района, исполнительными органами, в районе были сданы и введены в эксплуатацию важные социальные объекты. Среди реализованных объектов – фельдшерско-акушерские пункты в селах Новобратское, Партизанка и Алтынды, капитальный ремонт школы-лицея им. Булуана Шолака» капитальный ремонт 2–3 этажей Общеобразовательной школы №1 г. Макинска. Поэтапно реализуется проект по водоснабжению города Макинска и сельских округов. Реализация масштабного проекта по реконструкции водопроводных сетей предусматривает полную замену изношенных водопроводных сетей, современные и надежные. Проект рассчитан на несколько лет, по плану будет построено 72,7 километра новых линий. Общая стоимость проекта составляет 3 382,9 млн тенге. В 2024 году было освоено 2 017,5 млн тенге, а в 2025 году проект получил дополнительное финансирование в размере 692,5 млн тенге. Говоря об этих задачах, хотел бы подчеркнуть, что дороги и чистая вода - это фундаментальные элементы комфортной жизни и развития, так как дороги обеспечивают доступ к работе, образованию, медицине, а также экономический рост и социальную активность, а чистая вода необходима для здоровья. И еще один важный проект, который был реализован в 2025 году – подключение многоквартирных домов Микрорайона Заводской г. Макинска к центральному теплоснабжению. Отдаю, что ушедший год ознаменовался большой радостью для жильцов десяти двухэтажных домов Микрорайона, которые долгое время были отключены от инженерных сетей, поэтому лишены центрального водоснабжения, канализации. Жильцы, а это преимущественно пенсионеры, в зимние месяцы вынуждены были таскать ведрами в квартиры дрова, уголь, чтобы растопить печь, затем выгребать золу... Спустя несколько десятков лет долгожданное центральное тепло все-таки пришло в 160 квартир.

**- Нурбек Балтабекович, какие вызовы и проблемы на сегодняшний день наиболее актуальны для района, и как мажлисат планирует их решать?**

Несмотря на то, что в районе делается многое, актуальных вопросов, конечно, остается много. Много задач поставлено и местной властью, и депутатским корпусом на перспективу. Но даже при этом хотелось бы обратиться к читателям, оптимистичнее смотреть на будущее. Решить все проблемы разом или одним щелчком невозможно, для каждого вопроса требуется время и финансы. Логика здесь, как и в народной мудрости, которая гласит, что терпение и труд все перетрут. Актуальными остаются вопросы состояния дорог как внутри города, так и дорог, соединяющие села.

(Продолжение на 4 стр.)



# НАШЕ ИНТЕРВЬЮ

## Важная для общества миссия: связующее звено между народом и властью

(Продолжение, начало на 3 стр.).

«На карандаше» местной исполнительной власти и депутатов вопросы качества воды, организация досуга для детей и молодежи, в частности, в селах, освещение улиц, архитектурный облик города и сельских территорий, вопрос с бродячими собаками, благоустройство. И здесь же уместно добавить, что на ряд злободневных вопросов имеют влияние сами жители. Например, благоустройство – задача для всех нас. Государство облагораживает, тратит на это государственные деньги, а жители разрушают, портят и уничтожают, то, что сделано для людей. Таких примеров немало. Важно понимать, что быть патриотом – это не просто любить свою Родину, но и проявлять ее действием, примером. Сделай что-то полезное, нужное для своей малой Родины – это будет самое большое доказательство твоей причастности к ее настоящему и будущему. К сожалению, некоторая часть общества зачастую всегда видит проблемы, выдвигает требования, критикует власть, но само не вносит свой вклад в жизнь района. И вновь пример: во время каких-либо работ многие принимают позицию наблюдателей, выражая недовольство, но прийти и указать как действовать правильно, помочь нужным советом, поделиться конструктивным обоснованным мнением – никак.

**- Район растет, его экономический потенциал крепнет каждый год. Открываются производственные, создаются стабильные рабочие места. В прошлом году по уровню урожайности Буландынский район стал лидером в регионе. Думаю, в этом есть определенный вклад и депутатов маслихата...**

- Да, вы правы. Определенный вклад депутатов в общих

В рамках месячника по поддержке пожилых людей и лиц с инвалидностью каждый депутат оказал благотворительную помощь на своих избирательных участках. Помощь была направлена пенсионерам, труженикам тыла и юбилярам-долгожителям. Всего охвачено 144 человека, общая сумма поддержки составила более 2 млн тенге. Форматы помощи были разнообразными: продуктовые наборы, дрова, мука, бытовая техника, а также организация благотворительных концертов.

Ежегодно депутаты участвуют в республиканской акции «Дорога в школу», оказывают спонсорскую помощь первокурсникам в приобретении школьной, спортивной формы, канцелярских принадлежностей. В этом году отделом занятости и социальных программ была организована благотворительная акция «Елка желаний». Главная цель акции – исполнить новогодние мечты детей с особыми потребностями. Ребята написали письма Деду Морозу, в которых рассказали о своих заветных желаниях. К этой светлой инициативе присоединились и наши буландынские депутаты. С теплотой и заботой они приобрели подарки для 11 особенных детей, исполняя их искренние мечты.

И здесь же уместно еще раз добавить о той большой работе, которую провел депутатский корпус во время паводков последних лет. Мы в очередной раз сумели доказать, что мы одна сплоченная команда. Каждый депутат на своем вверенном участке отработывал все поручения, проводил встречи с населением, вникал в проблемы и содействовал их решению через местную исполнительную власть. Депутаты вместе с общественниками, не считаясь с личным временем, в любое время суток выезжали на участки, в сельские округа, собирали спи-

всем значимым для него вопросам, развивая взаимодействие между ними, а также обеспечивая общественный контроль за деятельностью госорганов. Общественные советы осуществляли свою деятельность на основе принципов независимости; деятельности его членов на общественных началах; автономности; самостоятельности; публичности.

Согласно плану работы совета, было проведено 13 плановых заседаний, на которых рассматривались вопросы бюджета, благоустройства, реализации проектов в Буландынском районе, другие важные вопросы.

Вся информация по работе Общественного совета размещается на официальном интернет-ресурсе районного маслихата в рубрике «Общественный совет», в средствах массовой информации, а также в социальной сети Instagram.

Всего членов Общественного совета – 11. Председатель Общественного совета – авторитетный в районе человек, ветеран государственной службы Амангельды Байкенович Камельинов.

именно там происходит детальный анализ, подготовка заключений, внесение предложений.

Так, за истекшее время проведено 17 заседаний постоянных комиссий, на которых рассмотрено более 60 вопросов, в том числе: об утверждении размеров и Правил предоставления мер социальной поддержки специалистам в области здравоохранения, образования, социального обеспечения, культуры, спорта и агропромышленного комплекса, государственным служащим аппаратам акимов сел, поселков, сельских округов, прибывшим для работы и проживания в сельские населенные



показателях, безусловно, есть. Каждый депутат – это отдельная личность, профессионал сферы в которой трудится. При большой загруженности на своей основной работе депутаты находят время для общественных инициатив, ведь депутатская работа не оплачивается, это чисто общественная нагрузка. За прошедший год депутаты районного маслихата инициировали решение ряда важных социальных вопросов, направленных на благополучие населения. Помимо законодательской деятельности, народные избранники оказывали прямую помощь малообеспеченным семьям и участвовали в ликвидации последствий паводков, поддерживая связь с жителями своих округов.

ски пострадавших от паводков, помогали заполнять мешкотару инертным материалом (песком, щебнем, отсевом) для создания временных защитных барьеров от большой воды. Природная стихия стала большим испытанием для всех нас, но, в то же время, объединила людей во имя общей задачи.

**- Уже который год в районе плодотворно работает Общественный совет - консультативно-совещательный, наблюдательный орган при районном маслихате. Расскажите немного о работе совета?**

- Общественный совет – также является конструктивной площадкой для выражения мнения гражданского общества на всех уровнях власти по

Основной состав это – гражданское общество.

